

Тәуелсіздік – кез келген азамат үшін ең қастерлі құндылық. Тамыры терең тарихымызға құрметпен қарап, мемлекеттілігімізді қадірлеу, оны көздің қарашығындай қорғау – әрбір қазақстандықтың міндеті.

Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ.

АЛМАТЫ МЕТРОСЫ



ЗАМАНАУИ ЖАҢА
ҚҰРАМ

2

БӘРЕКЕЛДІ!



«ҚАЙРАТ» – КУБОК
ЖЕҢІМПАЗЫ!

18

ЖАҚЫНЫҢА
ЖАНАШЫР БОЛ!



KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша
ауа райы болжамы
(бүгін және ертең)

3.12.2021

Түнде:



+1+3 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+13+15 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.



Желдің жылдамдығы:
0-5 м/с

4.12.2021

Түнде:



+1+3 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:




+9+11 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.



Желдің жылдамдығы:
0-5 м/с

ALMATY INVESTMENT FORUM 2021

ЖАРҚЫН БОЛАШАҚ ҚАЛАСЫ



Мегаполис әкімі Бақытжан Сағынтаев «Жаңа Жібек жолы мегақалалары» телекөпірінің жұмысына онлайн форматта қатысты


Форум Almaty Investment Forum 2021 аясында өтті. Онда әртүрлі мәселелер бойынша позициялардың барлық спектрі ұсынылды. Сондай-ақ, бизнес қана емес, мегаполистің барлық тұрғындарын толғандыратын маңызды тақырыптар талқыланды. Форумның 1000-нан астам қатысушысы қалада жоспарланған жобаларды жүзеге асыру туралы, Алматының бес миллиондық экономикалық әлеуеттің қаласы, Жібек жолының цифрлық және туристік хабы ретінде қандай бағытта дамитыны туралы білді.

2

«ROBOCON-2021»

РОБОТОТЕХНИКА

технологиялық серпілістің негізгі бағыттарының бірі



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

Мегаполисте студенттер арасында робототехникадан II республикалық «Robocon-2021» чемпионаты өтті. Шара «Цифрлы Қазақстан» мен «Рухани жаңғыру» бағдарламаларын дамыту аясында жүзеге асырылды. Чемпионатты ашқан Алматы қаласы әкімінің орынбасары Ержан Бабақұмаров бұл шараның Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күніне және ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай өтіп жатқанын атап өтті.

10

ҚЫСҚА...

- Ұлттық экономика министрлігі Дүниежүзілік банкпен бірге Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі жаңа инвестициялық саясатының тұжырымдамасын әзірлеуде.
- ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев туралы «Тарих сомдаған тұлға» атты кітабы португал тілінде шықты.
- Денсаулық сақтау министрлігі 2021–2025 жылдарға арналған «Дені сау ұлт» ұлттық жобасының аясында темекі жарнамасын бақылауға алмақшы.
- Алматының Іскерлік кеңесі әлеуметтік жобаларға 7 сыйлық тағайындады.
- Алматыда 7-8 желтоқсан күндері білім берудегі жаңа технологиялар бойынша әлемдегі ең ірі конференциялардың бірі – EdCrunch Global өтеді. Биылғы тақырып – «Жаңа білім беру тәжірибесін жобалау».

www.almaty-akshamy.kz



ГАЗЕТТІ ЖЕТКІЗУ БОЙЫНША ШАҒЫМДАР БОЛСА,

«Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына
261-59-11, 259-88-99 (ішкі 0318) телефондары бойынша хабарласыңыз!





ALMATY INVESTMENT FORUM 2021

Жарқын болашақ қаласы



Әсел
ДАҒЖАН

Қала әкімі Бақытжан Сағынтаевпен бірге Бішкек, Қазан, Самарқанд, Санкт-Петербург, Ыстамбұл және Шэньчжэнь қалаларының мэрлері мен өкілдері «Жаңа Жібек жолының мегақалалары» тақырыбындағы телекөпірге қатысты.

Форум кезінде Алматының жаңа Жібек жолы қалалары арасындағы ынтымақтастықты дамыту жөніндегі стартаптар мен технологияларды бірлесіп дамыту бойынша инновациялық экосистеманы құру; көлік-логистикалық хаб, Алматының туристік әлеуетін және «Бір белдеу – бір жол» бастамасы бойынша қалалар платформасында инновациялық компанияларды дамыту бастамалары ұсынылды.

Алматы Орталық Азияның ең қамтамасыз етілген мегаполисі мәртебесін сақтап отыр және Қазақстанның экономикалық бәсекеге қабілеттілігінің орталығы болып табылады.

Жан басына шаққандағы ЖӨӨ 16,7 мың АҚШ долларын құрайды. Қала экономикасының көлемі

Соңы. Басы 1-бетте.



32,5 млрд. АҚШ долларынан асады. Бұл ІЖӨ-нің бестен бір бөлігі және ел салықтарының төрттен бір бөлігі. 2019 жылдан бастап Fitch агенттігі Алматының кредиттік рейтингін «BBB» деңгейінде растайды, бұл елдің тәуелсіз рейтингіне сәйкес келеді. Экономикада 52%-дан астамын орта және шағын кәсіпкерлік иеленеді. Онда 10 алматылықтың алтауы жұмыс істейді. Қаланың жұмыс істейтін халқының 74%-дан астамында жоғары білімі

бар. Осылайша Алматы адам капиталының интеграторы болып табылады.

Іс-шарада «Жыл жобалары» көрмесі ұсынылды, оның барысында 2260 млрд. теңгеден астам сомға 24 жоба таныстырылды. Жобалардың ішінде Алматы ЖЭО-ны газдандыру, Алматы қаласы әуежайының халықаралық терминалының құрылысы, TargetEYE – қалалық бейнебақылау камераларынан дерек жинау, Smart Parking

АЛМАТЫ МЕТРОСЫ



Динара
МҰРАТ

Алматы метрополитенінің 10 жылдығы қарсаңында 8 жаңа электр пойызы пайдалануға берілді. Нәтижесінде метрополитенде 15 пойыз жұмыс істейтін болды.

Пандемияға қарамастан Тәуелсіздіктің 30 жылдығы мен Тұңғыш Президент күні қарсаңында және Алматы метрополитенінің 10 жылдығына орай, Алматы метрополитені үшін арнайы әзірленген Hyundai Rotem – Оңтүстік Корея компаниясы шығарған 8 жаңа электр жылжымалы құрам пайдалануға берілді.

«Метрополитен» КМК электродепо басшысы Жеткерген Арзаевтың айтуынша, жаңа құрамдар бұрынғыларынан заманауилығымен ерекшеленеді. Вагондар ішкі және сыртқы бейнебақылау жүйесімен жабдықталған. Сондықтан машинисттің кабинадан вагондардың ішіндегі және сыртындағы жағдайды бейнебақылау жүйесі мониторының көмегімен бақылау мүмкіндігі бар.

Жалпы құрамның ұзындығы 77,8 метр бо-

латын пойыздың ең үлкен техникалық жылдамдығы – 90 км/сағ жетеді. Температура режими: –35, +40°C.

4 вагон құрамындағы жолаушылардың сыйымдылығы 940 адамды құрайды. Әрбір вагон жылыту, желдету мен ауа баптау жүйесімен, жолаушылар салонының флуоресцентті жарықтандыруымен жабдықталған.

«Біз мына пойыздарды 10 жыл бойы қолданып келеміз. Сол уақыт ішінде техникалық ақаулар, жұмыс барысында кедергілер болған жоқ. Сол себепті, 2018 жылы 8 жылжымалы құрам сатып алуға келісім-шартқа қол қойылды. Жаңа құрамдар вагондар арасында өтпелі өткелге ие, бұл жолаушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз етеді, жаңа технологиялар осы құрамдарда енгізілген», – деді метрополитеннің бас инженері Нұрғали Үсенов.

Барлық вагондар жолаушыларға бір вагоннан екіншісіне қауіпсіз және ыңғайлы өтуді қамтамасыз ететін ашық типтегі (аралық

есіктерсіз) кең вагонаралық өту жолдары арқылы біріктірілген. Энергия тұтынуды үнемдеуге мүмкіндік беретін тетіктер де қарастырылған.

Вагондар қайта жабдықтауды, техникалық нығайту мен жөндеусіз бір қалыпты 30 жыл қызмет ету үшін жобаланып, арнайы құрастырылған.

Осыдан он жыл бұрын, 2011 жылы 1 желтоқсанда Тұңғыш Президент – Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев Қазақстандағы алғашқы және жалғыз метрополитенді ашқан болатын. Содан бері метро жұмысы бір минутқа да тоқтамаған жоқ.

Метрода жолаушылар ағыны үнемі өсіп келеді. Мәселен, пандемияға дейін тасымалданған жолаушылар саны 50–60 мың адамды құраса, жаңа екі станция ашылғалы жолаушылар ағыны 80–90 мың адамды құрайды. Егер метро Алтын орда базарына жетсе, жолаушылар ағыны 160 мың адамға дейін артады.

ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!

Уақытша тоқтайды



Әсел
БЕЛДЕУБАЕВА

3 желтоқсан күні Медеу ауданындағы әл-Фараби даңғылының оңтүстігінде орналасқан тұрғын үйлер мен басқа да ғимараттарға сағат 22.00-ден бастап 4 желтоқсанда таңғы сағат 6.00-ге дейін суық су берілмейді.

Бұл туралы «Алматы Су» МКК ресми түрде хабарлады.

«Горный Гигант», «Каменское плато», «Юбилейный» шағынаудандарында, «Вип әлем», «Лихог» коттедж қалашықтарында, «Достық Резиденс» ТК, «Европолис» ТК, «Көкше» ТК, сондай-ақ, Достық және Назарбаев көшелерінде, Байжанов, Горная, Елебеков, Қажымұқан, Керей – Жәнібек хандар, Луганский, Митин, Найманбаев, Омарова, Оңдасынов, Оспанов, Рубеништейн, Тәттімбет, Чайкина, Шашкин көшелеріндегі үйлер суық судан ажыратылады, – деді «Алматы Су» МКК баспасөз қызметі.

Сонымен қатар, ресми ақпаратта «Самал-1», «Самал-2» және «Самал-3» ықшамаудандарында су қысымының төмендеуі мүмкін екені айтылды.

«Мегаполистің аталған бөлігінде су құбыры желілерінің жұмыс істеуін қамтамасыз ететін сумен жабдықтау объектісіндегі технологиялық жабдықты ауыстыру кезінде қауіпсіздік үшін шектеулер енгізілуде», – деп атап өтті «Алматы Су» МКК.

Дегенмен, денсаулық сақтау, білім беру объектілері және әлеуметтік саланың өзге де ғимараттарына автоцистерналармен су жеткізу ұйымдастырылады.

Ведомство уақытша қолайсыздықтарға тұрғындардың түсіністікпен қарауын сұрады.

Заманауи жаңа құрам

ҚАУІПСІЗДІК



ЖОЛ ЕРЕЖЕСІН БҰЗБАҢЫЗ

шаһар көшелеріне жаңа үлгідегі камералар орнатылды

Аталмыш камералар – «Сергектің» жанартылған түрі. Бұған дейін мұндай бейнебақылау құралдары Шымкентте орнатылған.

«Бұл көлемі шағын, оптикасы жақсырақ, тұнықтығы жоғары жаңа үлгідегі камера. «Сергек» шыңғалы бірнеше жыл болды, содан бері камералар үздіксіз дамып жатыр, біз де өнімдерімізді заманға сай жаңартып отырамыз. Бұл камералардың оптикалық жүйесі жақсырақ, қамту аймағы мен сурет сапасы тұрғысынан техникалық мүмкіндігі жоғары», – деді компания өкілдері.

«Сергекті» жасаушылардың айтуынша, бұрынғы камералар бекітілген аралықты бақылайтын объективпен жабдықталған. Ал жаңа камера – вариофокальді, яғни фокус ұзындығын қолмен немесе қашықтан реттеуге болады. Вариофокальді объектив шолу аймағын дәлірек анықтауға мүмкіндік береді, соның арқасында өлшемді сапалы жасауға және мемлекеттік нормірді анығырақ суретке түсіруге болады.

Жаңа камера да «дөңгелек» әріптесі секілді жол ережесін бұзғандарды тіркейді.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

САНДАР СӨЙЛЕЙДІ



Алматы метрополитені

8

жаңа электр пойызын іске қосты.



2023 жылдың соңына дейін қала көшелеріне

33 145

LED шамдар орнатылады.



Қаланың кіреберістеріне

19

экопост қойылған.



Мегаполисте

200-ден астам

зейнеткер «Шыңға өрлеу» әлеуметтік клубтарында авторлық сабақ өткізуде.



Шаһардың туристік инфрақұрылымын жақсарту мақсатында

1000

шақырымнан астам

таудағы жаяу соқпақтар цифрландырылған.



ДОСТЫҚ ҮЙІ




Ақтолықын ТҮРЛЫҒАЗЫ

Бұл Алматыдағы этномәдени бірлестіктердің барлық өкілдері үшін үлкен маңызға ие. Қазақстан халқы Ассамблеясын құрудың бастауында Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев тұрды. Тұңғыш Президент ұлттық тарихқа деген құштарлық барлық қазақстандықтардың бойында өз бастауларының бірлігі сезімін қалыптастыратынын атап өтті. Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Достық үйлері барлық азаматтық қоғам институттары үшін ресурстық орталықтарға айналуға тиіс екенін айтқан болатын. Жароков көшесінде орналасқан кең ғимаратта дәстүрлерді, тілдерді, мәдениетті сақтау үшін барлық жағдай жасалған. 24 кабинет, конференц-зал, тіл сыныбы, би залы, медиация және қоғамдық келісім кеңесі кабинеттері, сондай-ақ қоғамдық қабылдау бөлмесі қарастырылған.

— Алматы қаласы — түрлі мәдени орталықтар мен бірлестіктер шоғырланған орта. Мұнда 19 республикалық және 36 қалалық этномәдени бірлестіктер, 4 ұлттық театр және 10 этникалық БАҚ редакциялары, сондай-ақ Қазақстан этностарының мәдени мұрасының сақталуы мен дамуын қамтамасыз ететін 27 шығармашылық ұжым орналасқан. Алматы қаласының Достық үйі бейбітшілік пен келісімді сақтау жолындағы халықтық бастамалар үшін ресурстық орталықтарға айнала алады. Қазірдің өзінде 20-дан астам этномәдени орталықтар орналасқан. Олардың қатары алдағы уақытта арта түседі деп есептейміз, — дейді Алматы қаласы Қоғамдық даму басқармасы «Қоғамдық келісім» мемлекеттік мекемесі директорының орынбасары Жәнібек Нәлібаев.

Алматы — ең алдымен, этникалық, мәдени әртүрлілік бойынша көптеген ерекшеліктері және түрлі өлшемдері бойынша бірегей қала. Сондықтан мегаполис әкімі Бақытжан Сағынтаевтың тапсырмасы бойынша ашылған қалалық Достық үйі этносаралық диалог, өзара іс-қимыл және қоғамдық ұйымдармен ынтымақтастық алаңына айналады.



ҮЙЛЕСІМ МЕН БЕЙБІТШІЛІК СИМВОЛЫ

Мегаполис әкімі Бақытжан Сағынтаевтың тапсырмасы бойынша ашылған қалалық Достық үйі этносаралық диалог, өзара іс-қимыл және қоғамдық ұйымдармен ынтымақтастық алаңына айналады



Алматы қаласы Қазақстан халқы Ассамблеясы төрағасының қоғамдық орынбасары, «Ильдаш» татар гуманитарлық даму орталығының төрайымы Нүрия Ниязова Достық үйінің ашылуы қалалық этномәдени бірлестіктер үшін тарихи сәт болып табылатынын атап өтті.

«Алматы қаласының әкімі Бақытжан Сағынтаевтың бізге, қалалық Ассамблеяға тұрақты қолдауының арқасында көптен күткен өзіміздің қалалық Достық үйіміз ашылды. Бұл Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығында және Тұңғыш Президент күніне орайластырылған. Осы мүмкіндікті пайдалана отырып, бүкіл қалалық Ассамблея атынан қалалық этномәдени бірлестіктер үшін осы мерейтойлық сыйлыққа шынайы алғысымды білдіргім келеді», — деді Н.Ниязова.

Алматы қаласы ҚХА Қоғамдық келісім кеңесінің төрағасы Ахметжан Шардинов ортақ шаңырақ астындағы этномәдени орталықтар мегаполистегі этносаралық келісімді сақтау үшін одан әрі жұмыс істейтінін айтты.

— Достық үйі — біздің қоғамда орныққан үйлесім мен берік бейбітшілікті бейнелейтін

символдық нышан. Сондықтан оның ашылуы қаламызда бейбітшілік пен келісімнің сақталуына ықпал ететін тағы бір фактор болуы тиіс. Қазақстанда тұратын барлық ұлт өкілдерінің арасындағы бейбітшілік тұрақты экономикалық өсімнің, әлеуметтік және мәдени прогрестің негізі болып табылады, — дейді А.Шардинов.

Достық үйі барлық қауымдар үшін этносаралық қатынастар саласында нағыз бағдар болып, Ассамблеяның мақсаттары мен міндеттеріне қол жеткізуде этномәдени бірлестіктердің күш-жігерін біріктіруге ықпал етеді дейді этнос өкілдері.

— Қалалық Достық үйінің ашылуы еліміздің егемендігін сақтауға, бірегейлік пен жалпыұлттық бірлікті нығайтуға септігін тигізетініне сенімдімін. Жаңадан бой көтерген орталық Қазақстанның этностық топтарының дәстүрлерін, тілдерін, мәдениеттерін сақтау, этносаралық толеранттылық пен қоғамдық келісімді қалыптастыруға таптырмас мекенге айналары сөзсіз. Алдағы уақытта Алматы қаласының әкімдігімен бірлесе отырып кешенді іс-шаралар атқаратынымыз сөзсіз. Тәу етер Тәуелсіздігіміздің 30 жылдығы құтты болсын, бір тудың астында жиналған барша ағайынға тек қана амандық-саулық тілеймін. Еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын! — дейді «Қырғыз мәдени орталығы» төрағасының орынбасары Руслан Ахматов.

МАЭСТРО

Абай атындағы Қазақ ұлттық опера және балет театрында Алматы әкімдігінің қолдауымен атақты скрипкашы Марат Бисенғалиевтің Тұңғыш Президент күніне арналған шығармашылық кеші өтті.



«АЛМАТЫ – ТӘУЕЛСІЗДІКТІҢ АЛТЫН БЕСІГІ»

Абай атындағы ҚазҰАӨБТ сахнасында отандық және шетелдік композиторлардың, соның ішінде ағылшын Карл Дженкинс пен джаз саксофонисті Найджел Хичкоктың шығармалары орындалды.

Қазақстандық скрипка өнерінің мэтрі Марат Бисенғалиев «Алматы – Тәуелсіздіктің алтын бесігі» концерті аясында жеке бағдарламасын берді. Мерекелік күні біздің заманымыздың ең үздік скрипкашыларының бірін тыңдауға жүздеген классикалық музыка бағалаушылары келді.

Сахна сыртында Марат Бисенғалиев әрқашан Қазақстанның патриоты болып қала беретінін растады. Мерейтойлық датаның қарсаңында жас мемлекеттің тарихын тебіреніспен осы алып, өз бағдарламасын осы тарихи оқиғаға арнады.

«30 жыл өтті дегенге сене алмаймын. Тәуелсіздік алған күн өте жақсы есімде. Осы жылдар ішінде үлкен өзгерістер болды, елдің мәдени өмірі әлемдік деңгейге шықты, біздің музыканттарымызды бүкіл әлем біледі және бағалайды. Біз тәуелсіз-

дімізді, бостандығымызды бағалай білуіміз керек», — деп әсерімен бөлісті сахна артында асқан виртуоз скрипкашы, дирижер, еліміздің еңбек сіңірген қайраткері М.Бисенғалиев.

Концерттің негізгі бағдарламасы классикалық музыкаға арналғанына қарамастан, көрермендер қазақтың ұлттық шығармаларынан да үзінділер тыңдады. Концертте көрермендер алғаш рет британдық композиторлар Карл Дженкинс пен джазмен Найджел Хичкоктың сюитасынан микс тыңдады. Сондай-ақ, ҚазҰАӨБТ-тың үлкен сахнасында алғаш рет Патели мен Андерсонның шығармалары орындалды. Алғаш рет шет ел композиторларының музыкалық туындылары қазақ халық аспаптарымен сүйемелденді.

Сонымен қатар, маэстро концертінің құрметіне Алматы оның қызы — британдық актриса және әнші Арухан Бисенғалиева келді. Ол қазақ фольклорлық музыка стилінде бірнеше жеке партияларды керемет орындады.

Олжас ЖОЛДЫБАЙ.

МЕРЕКЕЛІК ШАРА



Рая ЕСКЕНДІР

Республика сарайында Қазақстанның Тұңғыш Президенті күні құрметіне орай «Елбасы. Жастар. Болашақ» атты мерекелік концерт өтті.

Мерекелік шараға еліміздің Тәуелсіздігіне зор еңбек сіңіріп, Елбасына қолдау білдірген зиялы қауым өкілдері, Алматының құрметті азаматтары, Ардагерлер кеңесінің, қоғамдық бірлестіктердің мүшелері мен белсенді жастар қатысты. Алғашқы сөз кезегін алған Алматы қаласы әкімінің орынбасары Серік Құсайынов:

— 1991 жылдың 1 желтоқсанында еліміздің тарихында тұңғыш рет Мемлекет басшысының бүкілхалықтық сайлауы өтті. Қазақстан халқы Нұрсұлтан Назарбаевты Президент лауазымына сайлады. Халықтың бұл таңдауы Қазақстанның тәуелсіз, қуатты мемлекет ретіндегі тағдырын айқындады, — деді.

Осыдан соң Елбасының осынау жылдардағы өлшеусіз еңбегі арқау болған деректі бейнебаян көрсетіліп, онда тәуелсіздік жылдары қол жеткізген табыстарымыз сараланды.

Мерекелік концертте Елбасымыздың сүйіп тыңдайтын әндері мен Нұрсұлтан Әбішұлы сөзін жазған әндер орындалды. Концертті Қазақстанның Халық әртісі Роза Рымбаева барша қала тұрғындарын осынау елдігіміз бен береке-бірлігіміздің арқауына айналған ерекше күнмен құттықтап, «Ертеңіме сенемін» әнімен ашты. Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Әлішер Кәрімов, «МузАрт», «Жігіттер», «Кешью», «Ұлы дала» топтары, «Славян базары-2021» байқауының жеңімпазы Рухия Байдуkenова, Қуандық Рахым, Мәдина Сәдуақасова, Ернар Айдар өнер көрсетіп, мерекенің әріні әнмен айшықтады. Өнерпаз бүлдіршіндердің «Сенім» тобы Қазақстанның болашағына зор сенім білдіріп, бақыт бесігінде тер-белген балалық шақ туралы әнмен көшті қорытындылады.



Ақан БИЖАНОВ, қалалық Ардагерлер кеңесінің төрағасы:

— Ағымдағы жыл біздің мемлекетіміздің өмірінде аса маңыздылығымен есте қалғалы тұр. Қазақстан Тәуелсіздігінің 30 жылдығы — айтулы оқиға, тарихи күн. Осы жылдар ішінде біздің мемлекетіміз бен халқымыз айтарлықтай биіктерге қол жеткізді. Қысқа мерзім ішінде еліміз дүние жүзіне танылды. Елбасы Н.Назарбаевтың басшылығымен біз ең басты міндеттер — Қазақстанның шекарасын белгілеп, ядролық қарудан бас тарттық. Еліміз экономикамыздың қалыптасу кезеңінен өтті. Ұлттық қор құрылып, ұлттық валюта қабылданды. Осы жылдар ішінде біздің мемлекетіміз әлемдік қоғамдастықта тең құқылы әріптес ретінде орнықты.

Роза РЫМБАЕВА, Қазақстанның Халық әртісі:

— Мемлекет үшін 30 жыл уақыт аз да, көп те емес. Осы уақыт ішінде біз өсіп, жетілдік, өз мемлекетіміздің даму жолын анықтап, бағытымызды белгіледік. Ірі мемлекеттермен терезесі тең ел атанып, дамушы елдер қатарына кірдік. Елбасымыз негізін салған тәуелсіздігіміз тұғырлы болсын! Халқымыздың ортақ күш-жігері мен ауызбіршілігінің арқасында біздің елімізде ашық аспан мен берік достық әрқашан салтанат құратынына сенімдімін.

Айдар ТҮРҒАМБЕК, «Жігіттер» тобының мүшесі:

— Тұңғыш Президент — Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев біздің еліміздің дамуы үшін қыруар күш жұмсады. Қаншама игілікті істер жасалып жатыр. Елбасымыздың қасиетті Түркістан қаласына рухани астана мәртебесін беру жөніндегі бастамасы мені ерекше тебірентті. Бұл менің өмірімде ерекше орын алған оқиға болды. Жақында Түркістан облысына барып келдім. Өңірде көптеген жұмыс жасалып, көптеген оң өзгеріс болыпты.



АЙТЫЛДЫ – ЖАСАЛДЫ

Өңірлік коммуникациялар қызметінің алаңында «Алматы қаласының дамуына қатысты ағымдағы өзекті сауалдар бойынша» баспасөз конференциясы өтті. Онда Алматы қаласы әкімінің орынбасары Мұхит Әзірбаев қалаға қосылған аумақтарды инфрақұрылымдық дамыту бойынша жұмыстар туралы айтып берді.



ҚАЛА КӨРКІ –

Айжан
БҮРКІТБАЕВА

САПАЛЫ ИНФРАҚҰРЫЛЫМ

Қарасай, Талғар және Іле аудандары учаскелерінің мегаполиске қосылуына байланысты қала билігі халықты таза ауызсумен қамтамасыз етуге ерекше көңіл бөледі.

Әкім орынбасарының айтуынша, ағымдағы 2021 жылы сумен жабдықтау және су бұру желілерінің құрылысы бойынша жұмыстар 24 шағынауданды қамтыды. 10 айда 120 шақырым сумен жабдықтау және 77 шақырым кәріз желісі жүргізілді. 14 шағынауданда ағымдағы жылы желілердің құрылысын аяқтау жоспарлануда. Бұл 23 мыңнан астам үйді қалалық желілерге қосуға мүмкіндік береді.

Алматы билігі сапалы электрмен жабдықтау мәселесін де назардан тыс қалдырмады. Мәселен, «Тұздыбастау» қосалқы станциясын салу есебінен Түркісіб ауданының 200 мыңнан астам тұрғыны 2022 жылы тұрақты электрмен жабдықтауға қол жеткізеді. Сондай-ақ, Жетісу ауданында жаңа қосалқы станция құрылысын бастау жоспарлануда.

Әкімнің орынбасары тұрақты электрмен жабдықтау бойынша жұмыстар иесіз желілер бойынша да жүргізіліп жатқанын атап өтті. Ағымдағы жылы 91,8 шақырым электр желілері иесіз деп танылып, «Алатау Жарық

Компаниясы» АҚ-ға қызмет көрсету үшін берілді. Қазіргі уақытта 83,5 шақырым иесіз желілер Энерготиімділік және инфрақұрылымдық даму басқармасына бекітіліп, кейіннен «Алатау Жарық Компаниясы» АҚ-ға берілетін болады.

«Шетсіз қала» тұжырымдамасын іске асыру кезінде сыртқы жарықтандыруға ерекше көңіл бөлінеді. Қала әкімі Бақытжан Сағынтаевтың соңғы 2 жылдағы бастамасымен мегаполистің 1963 көшесі көше шамдарымен қамтамасыз етілді. Әкім орынбасарының айтуынша, бүгінгі таңда мегаполис тұрғындарының 99,2%-ы табиғи газға қол жеткізіп отыр. 2022 жылы үйлер 100% газбен қамтамасыз етіледі.

Спикер жоғарыда аталған шағынаудандардағы жағдай туралы айта келе, қазіргі уақытта «Зерделі» ықшамауданында тұрғын үйлерді нығайту бойынша жұмыстар жүргізіліп жатқанын атап өтті. Нығайтуды қажет ететін 30 үйдің 20-ы аяқталды, қалған үйлер келесі жылы нығайтылады, сондай-ақ аула аумақтары абаттандырылады.



Халықты ауызсумен қамту – басты міндет

Мұхит Әзірбаев жиын барысында атап өткендей, бүгінде Алматының сумен жабдықтау жүйесі Қазақстандағы ең ірі жүйе болып табылады және қаланың және облыстың іргелес аудандарының 2 миллионнан астам тұрғынына қызмет көрсетеді.

Мегаполисте су құбыры мен кәріздің инженерлік желілерінің кең ауқымды құрылысымен бір мезгілде ауызсу көздерін кеңейту бойынша бірнеше жоба іске асырылуда.

Мәселен, судың сапасын жақсарту және оның Наурызбай ауданының шағынаудандарына үзіліссіз берілуін қамтамасыз ету үшін филтрлі станциясы бар «Қарғалы» су тарту құрылысының реконструкциясы аяқталып калды.

– Қуаттылығы тәулігіне 15 мың текше метр болатын жаңа су дайындау станциясы «Қарағайлы», «Қарғалы», «Құрамыс», «Тастыбұлақ» және «Таусамалы» ықшамаудандарының 28 мың тұрғын сумен қамтуға

мүмкіндік береді, – деп атап өтті әкім орынбасары.

Келесі жылы Ақсай өзенінде Наурызбай ауданының 42 мың тұрғынын қамтитын осындай ғимараттың құрылысы басталады. Сондай-ақ, Бостандық ауданында «Ерменсай», «Бағаналы», «Нұрлытау», «Нұралау», «Ремизовка» және «Энергетик» шағынаудандарының 22 мың тұрғыны үшін су жинау жобасын әзірлеу аяқталуда.

– Бостандық ауданының жоғарғы бөлігінің су құбыры және кәріз желілерін қаланың коммуналдық меншігіне беру бойынша жұмыс жүргізілуде. Бұл тұрғындарды сапалы сумен және олардың үйлерін сумен үзіліссіз қамтамасыз етуге мүмкіндік береді, – деп хабарлады М.Әзірбаев.

Баспасөз конференциясында қала әкімінің орынбасары қала тұрғындарынан инженерлік желілер құрылысына байланысты уақытша қолайсыздықтарға түсіністікпен қарауды сұрады.

Қалалық органы дамытады

Брифингте Алматы қаласының сәулет келбетін қалыптастыру және қала құрылысын жоспарлау ережелері бойынша халықтың тығыздығын есептеу бойынша қаланың орталығында гектарына 300 адам сәйкес келетіндігі айтылды.

Мұхит Әзірбаевтың айтуынша, басқа аудандарда «Алматы – шетсіз қала» тұжырымдамасына сәйкес, тығыздық гектарына 440 адамнан аспауы керек. Бұл тармақ қала құрылысы құжатында да жазылған.

– Ауданда балабақшалар, мектептер, емханалар мен полиция пункттерінің саны жеткілікті болған жағдайда тығыздықты 20%-ға арттыруға жол беріледі, яғни әлеуметтік инфрақұрылым қамтамасыз етілген, – деп атап өтті М.Әзірбаев.

Ережені Алматы қалалық мәслихаты 2021 жылғы 31 мамырда қабылдады және құрылыс салушылар үшін негізгі құжатқа айналды.

Талаптар жиынтығы қала құрылысы саласын жетілдіруге және жақсартуға мүмкіндік береді, яғни жайлы, эстетикалық тартымды қалалық ортаны дамытады.

Ал құжатты жасаудың алғышарты 2019 жылғы 28 желтоқсанда Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев қол қойған «Алматы қаласының ерекше мәртебесі туралы»; «Жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы»; «Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» заңдарға өзгерістер мен толықтырулар енгізуді көздейтін ҚР Заңы болды.

КЕРЕК ДЕРЕК

2022 жылы
үйлер 100% газбен
қамтамасыз етіледі.



Әлеуметтік көмек пункті ашылады

Алатау ауданындағы «Томирис» ықшамауданында белгілі бір тұрағы жоқ адамдарға арналған әлеуметтік көмек пунктін құрылысы жүргізілуде.

Сыйымдылығы 143 төсек-орынды құрайтын нысанның жалпы ауданы 4,5 мың шаршы метр. Пунктің құрылысы белгілі бір тұрғылықты жері, кәсібі және өмір сүру қаражаты жоқ адамдарға әлеуметтік, медициналық және өзге де көмек көрсету мақсатында, сондай-ақ халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығын қамтамасыз ету және Алматы қаласының қоғамдық тәртібін нығайту үшін көзделді.

– Аталған мекеменің басты міндеті – киын өмірлік жағдайға тап болған адамға төсек-орын беру ғана емес, оны байымдеу және қалыпты өмірге қайтару, – деді Мұхит Әзірбаев.

Жарық қала – қауіпсіз қала

Алматыда заманауи жабдықтар мен технологияларды пайдалана отырып, көше жарықтандыруын басқару жүйесі жұмыс істейді. Жаңғыртудың басты мақсаты – көшені жарықтандыру жұмысын жақсарту және оған қызмет көрсету шығындарын қысқарту болып табылады.

Мемлекеттік-жекешелік әріптестік шарты аясында 2019-2020 жылдар аралығында қаланың 14 магистральды көшесі бойынша 11 161 шам ауыстырылды, бұл қалалық шамдардың жалпы санының 8%-ын құрайды. Мұхит Әзірбаев бұл шамдарды ауыстыру жыл сайын электр энергиясының 20%-ын үнемдейтінін атап өтті.

Ағымдағы жылы 27 көшені жаңғырту жоспарланған, оның аясында 5 мыңға жуық шам мен 2 мың тірек ауыстырылатын болады. Осы бағыттағы жұмыстардың 90% аяқталды. 2023 жылдың соңына дейін тағы 33 145 LED шам

орнату жоспарланған. Спикердің айтуынша, көше жарығының жағдайын қашықтықтан басқару мен бақылаудың кең мүмкіндіктері, жабдықтың сақталуын қамтамасыз ету және тұтынылатын энергияны нақты есепке алу аталған жаңғыртудың артықшылығы болып табылады.

Заманауи технологияларды қолдану электр тарату желілеріндегі апаттылық деңгейін айтарлықтай төмендетеді, штаттан тыс жағдайларды жою кезінде, сондай-ақ жоспарлы профилактикалық және жөндеу жұмыстарын жүргізу кезінде уақытты үнемдейді. Бүгінгі таңда жаңа көше шамдарының жұмысындағы ақауларды жою 2-3 сағаттан аспайды.

Алматы көшелерін жарықтандыруды басқарудың жаңа жүйесін енгізу қаладағы қозғалыс қауіпсіздігі деңгейіне жағымды әсер етеді, мегаполис тұрғындары мен қонақтары үшін қолайлы жағдайды қамтамасыз етеді.

Алматы әкімінің тапсырмасы бойынша «Шетсіз қала» бағдарламасы да іске асырылуда. Өткен жылы 1423 көше жарықтандырылып, энергия үнемдейтін шамдар қолданылды. 2021 жылдың 11 айында Алмалы, Әуезов, Бостандық, Медеу аудандарындағы 601 көшеге шам орнату жоспарланған. Бүгінде аталған жұмыстар 540 көшеде (90%) орындалды.

Мұхит Әзірбаевтың айтуынша, келесі жылы қалған 1066 ішінара жарықтандырылмаған көшені жарықтандыру жұмыстарын жалғастыру жоспарлануда.



БРИФИНГ

ҚАЛА ҚАРҚЫНДЫ ДАМЫП КЕЛЕДІ

Алматы республика өңірлері арасында жетекші орынға ие



Айжан
БҮРКІТБАЕВА

Кеше Өңірлік коммуникациялар қызметінде «Алматы қаласының дамуына байланысты ағымдағы өзекті сауалдар бойынша» өткен брифингте Алматы әкімінің орынбасары Ілияс Өсеров қаланың 2021 жылдың 11 айындағы экономикалық көрсеткіштері туралы айтып берді.

— Алматы республикалық бюджеттің доноры болып табылады, ұзақ уақыт бойы республиканың басқа өңірлері арасында жетекші орынға ие. Қаланың ЖІӨ елдің ЖІӨ-нің бесінші бөлігін құрайды (1-ші жартыжылдықта — 105,5%, ҚР бойынша — 102,4%). Мемлекеттік бюджетке салықтық түсімдер ел бойынша барлық түсімдердің төрттен бірін құрайды, — деп хабарлады Ілияс Өсеров.

Жергілікті бюджетке шағын және орта бизнес субъектілерінен корпоративтік табыс салығы берілді, сондай-ақ республикалық бюджеттен жергілікті бюджеттің шығындары 64,4 млрд. теңге мөлшерінде өтелді. Спикер ағымдағы жылы салық түсімдерінің өсу қарқыны жоғары екенін атап өтті. Бүгінгі күні қала бойынша орташа айлық жалақы республикалық деңгейден 16,4%-ға жоғары және 283 700 теңгені құрайды (ҚР бойынша — 243 667 теңге).

Туризм — Алматы имиджінің көрінісі

І.Өсеровтің айтуынша, әлемнің ең ірі қалаларының — Доха, Инчхон, Мәскеу, Абу-Даби, Дубай және Гонконгтың 6 әуежайында имидждік бейнероликтерді көрсету үшін 143 млн. теңге бөлінді. Киев және Санкт-Петербург әуежайлары пойыздарды брендтеді. Сондай-ақ, Мәскеу, Ташкент және Баку метрополитендерінде 114 млн. теңгеге тақырыптық жарнама орналастырылды. Сол елдерде



Суретті түсіріп Қайрат ҚОНЫСБАЙ.

қызығушылық айтарлықтай өскен. Ол 8 миллионға жуық адамды қамтыды. KPMG1 зерттеу нәтижелері бойынша Алматыдағы әрбір турист кем дегенде 100 доллар жұмсайды, қыста бұл сома қысқы тау спортының танымал болуына байланысты әлі де ұлғаюы мүмкін.

Биыл Алматы мен облыстың туристік әлеуетін көрсету үшін шет елден 33 блогер шақырылды, өйткені әлеуметтік желілер бүгінде ең тиімді жарнама алаңдарының бірі болып табылады.

Креативті индустрия — қаланың жарқын келешегі

Креативті индустриялар экономика үлесінің шамамен 1,7%-ын алады. Бұл қызметкерлер саны 45 мың адам болатын 17,8 мың ұйым мен жеке кәсіпкерлер (барлық

кәсіпорындардың 8,8%). Көрсетілген қызметтер көлемі — 402,8 млрд. теңге.

Almaty Creative Industries Forum — креативті индустриялар саласындағы алғашқы басты оқиға. Форум мемлекет, креативті кәсіпкерлер және осы саланы дамытуға мүдделі барлық тұлғалар арасында тәжірибе алмасу және ашық диалог алаңына айналады.

Әлеуметтік көмек көрсетілуде

Статистикалық мәліметтерге сәйкес, Алматыда табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен 87 мыңнан астам адам тұрады. Яғни қала халқының жалпы санының 4,4%-ы. Азаматтардың осы санатына АӘК төлеу (2,6 млрд. бөлінді), жұмысқа орналасуға көмек, бизнес жобаларды іске асыру үшін гранттар беру (7,3 млрд. жіберілді) түрінде жан-жақты қолдау көрсетіледі.

— Ең төменгі күнкөріс деңгейінің есебіне азық-түлік те, азық-түліктік емес тауарлар мен қызметтерге жұмсалатын шығындар да кіреді, — деді Алматы қаласы әкімінің орынбасары.

Мәселе шешімін табуда

Алматыда орын жетіспеушілігі мәселесін шешу үшін балабақшалар мемлекеттік меншікке қайтарылады. І.Өсеровтің айтуынша, Алматыда мектепке дейінгі мекемелерге қажеттілік бар. Сондықтан жандарын салумен қатар, мектепке дейінгі балалар мекемелерінің ғимараттарын қала меншігіне қайтару жүргізілуде.

— Бұл ғимараттарды жалға беру мерзімі аяқталғаннан кейін әкімдік жеке кәсіпкерлермен шарттарды ұзартпайды. Кейіннен осы объектілерде мемлекеттік балабақшалар ашылатын болады. Айта кетсек, қазіргі уақытта көптеген нысандар қанағаттанарлықсыз жағдайда, жобалық қуаттылықты арттыру және сейсмикалық күшейту арқылы жөндеу жұмыстары жүргізіледі. Оқушылар үшін орын санын 1200-ден 1800-ге дейін арттыру көзделіп отыр, — деді І.Өсеров.

Сондай-ақ, әкім орынбасарының айтуынша, жекешелендірудің 2021–2025 жылдарға арналған Кешенді жоспарына сәйкес, Алматы бойынша үш балалар музыкалық мектебі — №1 (хор), Прокофьев атындағы №3 және №11 жеке секторға беру жоспарланған. Алайда, балаларды мектептен тыс тегін, оның ішінде музыкалық біліммен барынша қамтуға байланысты бұл мектептер жекешелендірілетіндер тізімінен шығарылды.

Сонымен қатар, Алматы теміржол ауруханасының медициналық қызмет бейінін одан әрі сақтай отырып, мемлекеттік меншікте сақтау бойынша жұмыстар жүргізілуде. Осылайша 2018 жылы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті бұл аурухананы осы компанияға 3 жыл мерзімге сенімгерлік басқаруға берді.

ӘУЕЗОВ АУДАНЫ

Жаңа мектептер ашылады



Динара
МҰРАТҚЫЗЫ

Жыл соңына қарай Алматы қаласы Әуезов ауданының мектептеріндегі орын тапшылығы 600-ге дейін төмендейді. Әуезов ауданының әкімі Сайран Сайфеденов Өңірлік коммуникациялар қызметінің баспасөз конференциясында жеке мектептер салу мен 5 мемлекеттік мектепті кеңейту туралы айтып берді.

Аудан әкімінің мәліметінше, бүгінде ауданда 33 мемлекеттік (50 855 балаға) және 12 жеке (2505 балаға) мектеп жұмыс істейді. 2021–2022 оқу жылына оқушылардың жалпы контингенті — 53 360 бала.

— 2020 жылы оқушы орнының тапшылығы 4699 орынды құрады, бүгінгі күні олардың санының ұлғаюына байланысты тапшылық 5169 орынды құрайды. Бұл мәселені шешу үшін өткен жылы жалпы 3600 оқушы орны бар 5 мектепке қосымша құрылыс жұмыстары басталды. Олар: №6, 117, 121, 132, 133. Қазіргі уақытта 3 мектепте құрылыс аяқталса, қалған екеуі жыл соңына дейін аяқталады, — деді Әуезов ауданының әкімі.

Сайран Сайфеденов биыл 2 жекеменшік мектеп — 160 орынды АВС мектебі мен 100 орынды «Кемел» ашылғанын айтты. Жыл соңына дейін тағы да екі жеке-

меншік мектеп — 400 орынды «Өркен» және 300 орынды Almaty-High school ашу жоспарланып отыр.

Жоғарыда аталған нысандар пайдалануға берілгеннен кейін 2021 жылдың соңында орын тапшылығы өткен жылмен салыстырғанда 4560 орынға төмендеп, 609 орынды құрайтын болады.

Сондай-ақ, қазіргі уақытта ауданда 7 мектепті сейсмикалық күшейтуге және күрделі жөндеуге ЖСҚ әзірленуде: №127, 9, 97, 141, 122, «Білім-инновация», №155 мектеп филиалын қайта құру. Құрылыс-монтаж жұмыстары 2022–2023 жылдарға жоспарланған.

Мектепке дейінгі білім беруге келетін болсақ, қазіргі уақытта аудан бойынша балабақшаларда орын тапшылығы 8047 орынды құрайды. Биыл 752 орынды 10 жекеменшік балабақша ашылды.

№23 және №186 балабақшаларда күрделі жөндеу аяқталды. Шағынауданда балабақша құрылысына ЖСҚ әзірленуде. 120 орынға арналған «Алтын бесік», сондай-ақ, «Ақсай-2» шағынауданы, 2-үй, «Ақсай-2» шағынауданы, 58-үй мекенжайларындағы бөбекжай ғимараттарының сейсмостық тұрақтылығын күшейту және күрделі жөндеу жобаларын әзірленеді. Нысандарды пайдалануға беру 2022–2023 жылдарға жоспарланып отыр.

НАУРЫЗБАЙ АУДАНЫ



Серік
ЖҰМАБАЕВ

Наурызбай ауданында биыл 2200-ден астам адам жұмыспен қамтылды. Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметінің баспасөз конференциясы барысында Алматы қаласы Наурызбай ауданының әкімі Санжар Тоғай айтты. Ол көп жағдайда азаматтарды жұмыспен қамтуға мемлекеттік бағдарламалар ықпал еткенін атап өтті.

Аудан әкімі «Еңбек» нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлік бағдарламасы бойынша қысқа мерзімді кәсіптік оқуға 83 адам жіберілгенін, әлеуметтік жұмыс орындарына 89 тұрғын, қоғамдық жұмыстарға 690 адам, жастар практикасы бойынша 116 түлек жұмыспен қамтылғанын, тұрақты жұмысқа 1542 адам, бірінші жұмыс орнына 4 жұмыссыз орналасқанын, бұдан басқа 200 АЕК мөлшерінде 153 грант берілгенін хабарлады.

— «Еңбек» бағдарламасы Наурызбай ауданының тұрғындары арасында танымал. Оның арқасында көптеген

адамдар жаңа дағдыларға ие болады, жұмыс табады және өз ісін ашады. Мысалы, биыл 133 миллион теңгеден астам сомаға 9 жоба мақұлданды. Біздің міндетіміз — қала тұрғындарының кәсіпкерлік бастамасына көмектесу, — деді Санжар Тоғай.

«Бизнестің жол картасы–2025» бағдарламасы бойынша жалпы құны 426 млн. теңге болатын 28 жоба мақұлданды. Мысалы, «Almaty business–2025» аясында кеңсе тауарларын өндіретін «Айна-Кеңсе» кәсіпорнының жобасын іске асыру үшін 2%-дық мөлшерлеменен 70 млн. теңге көлемінде жеңілдетілген несие берілді.

Сонымен бірге, Наурызбай ауданының 8 шағынауданында су құбыры мен кәріз жүйесі салынуда. Аудан әкімі «Жаңа Алматы» кешенді жоспары аясында 70 мың тұрғын ауызумен қамтамасыз етілетінін хабарлады.

Санжар Тоғай жергілікті атқарушы органдар үшін бұл бірінші кезектегі мәселе екенін атап өтті. Әзірге халықтың тек 30%-ы ғана ауызумен қамтамасыз етілген, қалған 70%-ы ашық су қоймалары мен жеке ұңғымалардағы суды пайдаланады.

— Иә, жаз айларында ауызсуды арнайы техникамен тұрақты қамтамасыз ететін су тапшылығы туындайды. Тиісті жұмыстар аяқталғанға дейін осы қолайсыздықтарға түсіністікпен қарауды сұраймыз, — деп шақырды Наурызбай ауданының әкімі.

Санжар Тоғай «Ақжар», «Шұғыла», «Тастыбұлақ», «Таужолы», «Жайлау», «Қарғалы», «Құрамыс», «Таусамалы» шағынаудандарында кәріз желілерін тарту және «Қарғалы» өзенінде сүзгі станциясының құрылысы бойынша жұмыстар жүргізіліп жатқанын қосты. Жұмыстар толық аяқталғаннан кейін ауданның 70 мың тұрғыны ауызсумен қамтамасыз етіледі.

Сонымен қатар, Санжар Тоғай Ал-

ТЫНДЫРЫМДЫ ТІРЛІК КӨП

маты қаласының әкімі Бақытжан Сағынтаев ауданға үнемі барып, су құбыры желілерінің құрылысы мен Абай даңғылын ұзарту жұмыстарын жеке бақылайтынын хабарлады.

— Алматы әкімінің тапсырмасы бойынша Наурызбай ауданында қоғамдық кеңістіктер мен тұрғындар демалатын орындар жасалады. «Шұғыла» және «Қалқаман» шағынаудандарында, әкімшілік орталықтың алдында саябақтар ашу, сондай-ақ «Қарғалы» өзенінің жағалауын абаттандыру жоспарлануда, — деп жалғастырды Санжар Тоғай.

Халықтың өмір сүру сапасын жақсарту және жайлы өмір сүру ортасын қалыптастыру бойынша жұмыс электрлендірудің арқасында жалғасады.

«Шұғыла», «Ақжар», «Таусамалы», «Қарағайлы» шағынаудандарының тұрғындары электр жарығының жиі өшуіне қатысты бірнеше рет шағымданды. Қабылданған шаралардың арқасында 123 шақырым электр желісі қаланың коммуналдық меншігіне берілді және қазір үзіліссіз жұмыс істеуде.



БРИФИНГ

Салғырттыққа салынбайық

Алматы қаласы Санитарлық-эпидемиологиялық бақылау департаменті басшысының орынбасары Әсел Қалықова Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен брифингте коронавирустың жаңа «омикрон» штамы туралы айтып, оның ауыр зардаптарына және дерттің жаңа қырынан өршуі мүмкін екендігіне тоқталды.

Нұржамал
ӘЛШЕВА

Спикер бүкіл әлемде эпидемиологиялық ахуал нашарлап, қатаң карантин режимі қайта енгізілгеніне назар аударды. Оңтүстік Африкадағы COVID-19 «дельтасының» жаңа, қауіпті «омикрон» мутациясының пайда болуы туралы ДДҰ-ның ресми мәліметтері бар. Ол патогенді және жұқпалы «дельта» нұсқасынан асып түседі және адам ағзасындағы антиденелерді айналып өтуге қабілетті көрінеді.

— Сондықтан халықты, әсіресе, қарттарды, созылмалы аурулары бар адамдарды, жасөспірімдерді, жүкті әйелдерді вакциналауды ұлғайту қажет. Алматының барлық тұрғындары елде «омикрон» штамының пайда болуына және таралуына жол бермеу үшін, әсіресе демалыс және мереке күндері кісі көп жиналатын қоғамдық орындардан аулақ болғаны жөн, — деді Ә.Қалықова.

«Омикронның» Қазақстанда бас көтермеуі үшін ведомстваралық комиссия 3 желтоқсаннан бастап Ботсвана, ОАР, Лесото, Намибия, Зимбабве, Мозамбик, Малави, Мадагаскар, Эсвитини, Танзания

және Гонконгтан шет ел азаматтарының Қазақстанға кіруін шектеу туралы шешім қабылдағаны белгілі болды.

«Омикронға» қатысты КВИ жағдайлары анықталған елдерден келген адамдар ПТР нәтижесіне қарамастан 7 күнге оқшаулануға тиіс. Мысырмен әуе қатынасын тоқтата тұру туралы да шешім қабылданды.

Індетті ауыздықтаудың бірден-бір жолы, әрине, екпе алу. Әсел Қалықова ұжымдық иммунитетті қалыптастыру үшін бүгінгі 56,5%-дық көрсеткіш жеткіліксіз деп есептейді. Еске сала кетсек, мегаполисте 132 екпе егу пунктінде барлық тілек білдірушілерге вакцина тегін салынады.

Спикердің айтуынша, өткен аптада ковид жұқтырғандардың негізгі үлесін (78%) 20–39 жастағы азаматтар — 27,9%, 40–59 жастағы тұрғындар — 27,6%, 60 және одан жоғары жастағы адамдар 22,3%-ды құраған. 14 жасқа дейінгі балалар арасында жұқтырудың үлес салмағы (124 жағдай) 16%-ға дейін өскен, оның ішінде 1 жасқа дейінгі балалар (21) — 2,7%.

Тақырыпқа орай айта кетсек, бүгінде Алматыда «Pfizer» компаниясының «Comirnaty» препаратымен 13 248 адам вакциналанды, оның ішінде жүкті әйелдер — 795, бала емізетін аналар — 2803, балалар мен жасөспірімдер — 9650.

АҢЫЗ ЖӘНЕ АҚИҚАТ

Келісім керек

Әлеуметтік желілерде оқушыларды ата-аналардың келісімінсіз вакциналау туралы бұйрық шықты деген хабарлама тарайды. Бұл ақпаратты Санитарлық-эпидемиологиялық бақылау комитеті жоққа шығарды.

— Осы жарияланымға қатысты кез келген профилактикалық егу, соның ішінде корона-вирусқа қарсы вакциналау ата-аналардың ақпараттандырылған келісімімен ғана жүргізілетінін хабарлаймыз.

Осыған байланысты алдын ала жасалған тізім бойынша вакциналауға ата-анасы қол қойған келісімі бар балалар және ата-анасы-



ның қатысуымен ғана екпе салдыруға шақырылады. Әлеуметтік желілер мен мессенджерлерде тараған күмәнді ақпаратқа сенбеуге шақырамыз, — деді ҚР ДСМ санитарлық-эпидемиологиялық бақылау комитетінің ресми өкілі Ержан Байтанаев.

Айкерім РАЙЫСҚЫЗЫ.

#ЕКПЕАЛ

Жасөспірімдер
«Pfizer»
салдырды

Алматы қаласында бір тәулікте (1 желтоқсанда) 1571 адам корона-вирусқа қарсы вакцина салдырды.

Корона-вирусқа қарсы екпенің I компонентін — 894, II компонентін 677 адам алды. Вакцина салдырғандар саны бойынша Алматы алдыңғы орында. Биылғы жылдың 1 ақпаны мен 1 желтоқсан аралығында қалада 1 025 406 тұрғын вакцинаның бірінші компонентін, 981 458 адам екінші компонентін салдырған. Оның ішінде 122 304 адамның жасы 60-тан асқан.

Бүгінгі таңда «Pfizer» (Comirnaty) компаниясының екпесін 14 568 адам салдырды. Оның ішінде 880-і — жүкті әйел, 3036-сы — бала емізетін ана және 10 652-сі жасөспірім.

АҚ ХАЛАТТЫ АБЗАЛ ЖАНДАР



Күрделі ота

Алматы қалалық №7 ауруханада созылмалы колостазға шалдыққан әйелге күрделі ота жасалды. Операция міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру пакеті шеңберінде жүзеге асырылған.

ӘЛЕМ ЖӘНЕ ПАНДЕМИЯ

Жаңа штамм дүрбелең
тудыруда

АФРИКА елдерінде вакцина салдырғысы келетіндер көбейді. Иә, бүгінде «Омикронға» байланысты ел ішінде дүрбелең туған.

Жалпы, Африка жерінде вакциналау ісі кенжелеп тұр. Екпенің екі компонентін де алған тұрғындардың үлес салмағы бар-жоғы 10%-ға да жетпейтін көрінеді. Сарапшылар жаңа штаммның тез тарауының да бір себебі осымен байланысты болуы мүмкін деп отыр.

ИСПАНИЯ билігі вакцина алғандығы туралы сертификатының бар екендігіне қарамастан індеттің таралу қаупі жоғары мемлекеттерден келген барлық жолаушыдан корона-вирусқа теріс тест талап етуді қолға алды.

ГЕРМАНИЯ елінің жетекші вирусологтары бүкіл халықтық қатаң карантин енгізуге шақыруда. Дәрігерлер вакциналанбаған адамдарды оқшаулауды ұсынып отыр.



БЕЛЬГИЯ билігі COVID-19-дың жаңа штаммы мен өзге де мутацияға ұшыраған түрлерінің таралуына байланысты ревакциналау тәртібін өзгертті. Енді үшінші дозаны алуға шақыру тек арнайы топтар мен қарттарға ғана емес, барлық тұрғындарға жіберіледі. Өңірде бір апта бұрын үшінші дозаны медицина қызметкерлері мен жасы 65-тен асқан азаматтар ғана салдыруы тиіс еді. Енді күшейткіш екпемен 18-ге толған тұрғындардың да егілуіне болады.

РЕСЕЙ де етек-жеңін жинай бастады. Жаңа штаммның таралуына байланысты Африка азаматтарына елге кіруге тыйым салды. Ел билігі адам ағзасында корона-вирустың бар-жоғын білдіретін ПТР-тесттің жарамдылық мерзімін қысқартты. Енді 72 сағаттың орнына құжат 48 сағат қана жарамды болады. Бұл шешім әлемде жаңа штаммның таралуына байланысты қабылданған. Қазір ел шекарасында шетелдік жолаушылар қатаң тексеріледі. Ал өзге елден оралған ел азаматтары әуежайда тест тапсырып, 2 апталық карантинде қалуы тиіс.

ҚЫТАЙ халқының 76,8%-ы COVID-19-ға қарсы вакцина алған. Бұл елде ковид жұқтыру деңгейі 100 мың адамға шаққанда 8,9 оқиғаны құрайды, ал өлім-жітім көрсеткіші 100 мың адамға шаққанда 0,4-ті құрап отыр.

Соңғы ресми мәлімет бойынша, құрлықтық Қытайда вирусқа шалдыққан науқастардың 94,42%-ы сауығып шыққан.

КУБА жаңа штаммға қарсы отандық «Соберана плюс» деген вакцинасын жетілдіруге көшті. Ғалымдар сынақ жүргізуге кірісіп кеткен. Бірақ жергілікті мамандар қазіргі вакциналар да вирустың мутацияға ұшыраған бұл түрінен қорғайды дейді. Еске сала кетейік, Куба қарашаның ортасында шетелдіктердің елге келуіне рұқсат еткен еді. Бірақ «Омикрон» пайда болғалы бақылауды қайта күшейтті.

«ОМИКРОН» 20 мемлекеттен табылған, алайда олардың саны тағы да өсуі мүмкін деп отыр сарапшылар. Жаңа штамм Оңтүстік Африка республикасынан анықталғандықтан, осы елмен біраз мемлекет әуе қатынасын тоқтатты. Алайда, ДДСҰ «халықаралық сапарларға толығымен тыйым салу корона-вирустың таралуын тоқтата алмайды» деп санайды. Сондықтан әлем елдері мүмкіндігінше тұрғындарды вакциналау шарасымен қамтуға тырысып жатыр.

